

**Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № а-08/249 "Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № А-08/236 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 тамызда № 7345 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № а-08/249 "Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5516 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

преамбула жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 213-тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бұланды ауданы әкімінің орынбасары О.Қ. Смағұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т.Ерсентов*